

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

ЕКІНШІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ



SatbayevUniversity— БСҚТА ұлттық
рейтингіне сәйкес Қазақстандағы
№1 техникалық ЖОО.



Біз Өзіміздің компанияның қызметкерлеріне екінші білім алудың 20 білім беру бағдарламаларының бірін таңдауды ұсынамыз:

- ✓ Сәулет және дизайн;
- ✓ Математикалық экономика және деректерді талдау;
- ✓ Химиялық және биохимиялық инженерия;
- ✓ Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау;
- ✓ Математикалық және компьютерлік үлгілеу;
- ✓ Компьютерлік ғылымдар;
- ✓ Ақпараттық қауіпсіздік;
- ✓ Телекоммуникация;
- ✓ Инженерлік физика және материалтану;
- ✓ Энергетика;
- ✓ Электроника және электротехника;
- ✓ Робототехника және мехатроника;
- ✓ Пайдаланымдық-сервистік инженерия;
- ✓ Инженерлік механика;
- ✓ Индустриалды инженерия;
- ✓ Көліктік инженерия;
- ✓ Тау инженериясы;
- ✓ Мұнай инженериясы;
- ✓ Мұнай-газ және кен геофизикасы;
- ✓ Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту.

Satbayev University қашықтықтан білім алуға түсу колледж (техникум) және жоғары білім негізінде іске асырылады.

2020-2021 оқу жылына түсу талаптары:



**Мамандықты
жалғастыруды
ескерумен колледж
негізінде түскенде –
сұхбаттасу;**



**Мамандықты
ауыстырумен колледж
негізінде түскенде - БҰТ.
Өту балы – 65;**



**Жоғары білім
негізінде түскенде –
сұхбаттасу.**

Білім алу мерзімі:



Техникалық/техникалық емес колледж және техникалық емес жоғары білім (гуманитарлық, әлеуметтік-гуманитарлық) негізіндегі бірінші жоғары білім бағдарламасы бойынша 2,5 жыл.



Екінші жоғары қашықтықтан білім алу бағдарламасына бакалаврлар және оларға теңестірілген тұлғалар түсе алады. Техникалық жоғары білім негізінде екінші жоғары білім алу бағдарламасы бойынша білім алу мерзімі 1,5 жыл. Колледж негізінде ұқсас мамандыққа түскенде, Satbayev University екінші жоғары білім алу шарттары жеңілдетілген. Сізге онлайн сайтта тіркеліп, құжаттарды жүктеп (диплом міндетті түрде) және белгіленген уақытта ЖОО сұхбаттасудан өту жеткілікті.

Қажетті құжаттар тізімі:

- үш тілдегі қосымшаны қоса, бакалавр, колледж немесе техникум дипломы;
- өлшемі 3x4 екі сурет;
- флюорография нәтижесімен 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- жеке куәлік көшірмесі;
- БҰТ сертификаты (бірінші жоғары оқу орнына түсу үшін).

Шетел азаматтары және ҚР резиденттері емес мұнымен бірге төмендегілерді ұсынады:

- Қазақстан Республикасының ЖСН беру туралы куәліктің көшірмесі;
- шетелдік дипломды нострификация туралы қолхат көшірмесі;
- қазақ немесе орыс тіліне аудармасы бар, нотариалды куәландырылған паспорт көшірмесі;
- қазақ немесе орыс тіліне аудармасы бар, нотариалды куәландырылған диплом көшірмесі.

Оқу форматы:



Оқу қазақ және орыс тілдерінде, триместр форматында жүзеге асырылады, бұл айтарлықтай уақытты үнемдейді, білім алу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді, оқу процесінің қажетті тайм-менеджментін жөнге келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бізде өндірісте жұмыс тәжіриесі үлкен тәжірибеленуші мамандар сабақ береді.

Оқытудың триместрлік жүйесі қалай өтеді?



Студенттер міндетті түрде жылына 3 рет екі аптаға емтихан тапсыруға келулері тиіс. Бұл үшін қажет болғанда біз анықтама-шақыртуларды ресми түрде ұсынамыз. Білім алудың өзі қашықтықтан 10 апта бойыы <https://polytechonline.kz/> білім алу порталында өтеді. Білім алудың 11-ші аптасында оқытушымен байланыс сабақтар басталады, 12-де емтихан.



* «Сәулет және дизайн» бағдарламасына түскенде, шығармашылық емтихан тапсыру қажет. Максималды балл – 20; өту-10. Сонымен қатар сұхбаттасудан өту қажет. Композициялық сурет түріндегі шығармашылық емтихан абитуриенттерге көркемдік сауаттылық, абстрактілі және кеңістіктік ойлау және графикалық мәдениет негіздерін көрсетуге мүмкіндік береді.